## Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы

**Таушық Ауылы** **2026 жылғы 7 қыркүйек уақыты сағат 11:00**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Таушық ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».**

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **ҚР ЭГТРМ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: **Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, географиялық координаттары СЕ 45°10'26", ШБ 51°38'37".**
*(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы**
*(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік–аумақтық бірліктердің тізбесі).*

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«СИТИК-Водная экология (Актау)» ЖШС БСН:170940027255, +7(701)-506-72-71, marissenov_m@mail.ru**
*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: **«Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтау қ. 17 шағын аудан, 20 үй, ғимарат 21, тел: 87014848005. БСН 100740003476**
*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)*

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **Қоғамдық тыңдаулар төрағанның ұсынысына байланысты Қоғамдық тыңдаулар 01.09.2026 жылы сағ. 16:30-дан 07.09.2026 жылы 11.00-ге ауыстырылды. Өткізу орны – Түпқараған ауданы, Таушық ауылы әкімінің аппаратының ғимаратында және онлайн форматта zoom платформасында бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша:**
https://us05web.zoom.us/j/84573143329?pwd=IdDaW3hZVhC1akb0EV1lDMbOtAIS27.1
Конференция индификаторы: 845 7314 3329,
Кіру коды: 9QNxPF
*(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталу және аяқталу уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:
1) бірыңғай экологиялық порталда, **https://hearings.ndbecology.gov.kz**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau**
*(атауы және ресми интернет–ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)*

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

**1. Газета: Маңғыстау, №60 (10567) 14 шілде 2026 жыл (қосымшада)**
**Огни Мангистау, №71 (13340) 14 шілде 2026 жыл (қосымшада)**

*(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)*

**2. теле-радио арнаның атауы «Astana TV», 23.07.2026 жыл э/с №074 (қосымшада).**
*(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)*

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Таушық ауылдық округі әкімінің аппараты ғимараты** мекенжайы бойынша **хабарландыру үшін стенде 1** дана хабарландыру.
Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері: Қоғамдық тыңдау хатшысы болып – **«Рекорд Консалт» ЖШС өкілі – Железова Шаттығүл Есенқызы** сайланды.
**(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" - 5, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" – 0).**

Бірауыздан қабылданған шешіммен регламент бекітілді: баяндама – 15 мин., талқылау Сұрақ-жауап. Барлық тілек білдірушілер баяндамашыға сұрақтар қоя алады және жоба бойынша өз пікірін айта алады. Ұсынылатын регламент – 10 минут.
Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.
**(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" - 5, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" – 0).**

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
**«Рекорд Консалт»» ЖШС өкілі – Железова Шаттығүл Есенқызы**
*(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)*

**Жоба бойынша Презентация (14 бет) және баяндама қосымшада ұсынылды.**
*(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)*
Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ

ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. **Қосымшада берілген.**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **жоқ**
*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлер мен ұсынымдар)*

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: **Таушық ауылы әкімі — Бақтыбаев Нұржан Бақтыбайұлы**
*тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Қолы ____________ Күні: « 7 » қыркүйек 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: **«Рекорд Консалт» ЖШС өкілі - Желенова Шаттыгул Есенқызы.**
*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Қолы ____________ Күні: « 7 » қыркүйек 2026 ж.

**Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| р/с № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/ алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| 1 | Таушық ауылы әкімі — Бақтыбаев Н. Б.: Жоба бойынша сұрақтарымыз жоқ, жұмыс жасап келе жатырған мекеме. «СИТИК-Водная экология (Актау)» ЖШС сұранысымызға сәйкес, 4 жұмыс орнына вакансия ашылады деген болатын, сол вакансия бойынша ең жақын елді мекен ретінде Таушық ауылы тұрғындарын алдымен қарастыруын сұраймыз. | «Рекорд Консалт» ЖШС өкілі – Желенова Ш. Е.: Ұсынысыңызды хаттамаға енгіземіз. | Ұсыныс, қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ |
| 2 | Таушық ауылы әкімі — Бақтыбаев Н. Б.: Қазан айының басында өтетін аудан орталығы Форт-Шевченко қаласының 180 жылдық мерейтойына ат салысып, көмек көрсетуіңізді сұраймыз. | «Рекорд Консалт» ЖШС өкілі – Желенова Ш. Е.: Ұсынысыңызды хаттамаға енгіземіз. | Ұсыныс, қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ |

**Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына**

**Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы**
**07.09.2026 ж. 11:00, «СИТИК-Водная экология (Актау)» ЖШС, Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы**

| № п/п | Қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) | Қатысушының санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның, бастамашының өкілі) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференциялық байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Женекова Ш. Е. | басқарашы | 8778 1388739 | жеке | [signature] |
| 2 | Бекпусбаев Н. Б. | Ауыл жиілі | 87073143810 | жеке | [signature] |
| 3 | Балатова Г. Н. | Ауыл тұрғыны | 87009618367. | жеке. | [signature] |
| 4 | Жиенашева А. | ауыл тұрғыны | 87788472289 | жеке | [signature] |
| 5 | Қарагулова. Г. | ауыл тұрғыны | 8701 819 9553 | жеке | [signature] |
| 6 | Жайлаукараева Ф. А. | Мо блок ТД | 87024766076 | онлайн - жеке | |
| 7 | Түлеубет Г. С. | Мо блок ТРжр ТПРБ | 8708 2799952 | онлайн - жеке | |
| 8 | | | | | |
| 9 | | | | | |
| 10 | | | | | |
| 11 | | | | | |
| 12 | | | | | |
| 13 | | | | | |
| 14 | | | | | |
| 15 | | | | | |
| 16 | | | | | |
| 17 | | | | | |

«ТАУШЫҚ АУЫЛЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «АППАРАТ АКИМА СЕЛА ТАУШЫК»

№ 01-32-309 от 01.09.2026

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130505,Түпқараған ауданы,
Таушық ауылы, Х.Елмұханбетов көшесі, №6
тел.: 8 (72938) 4-43-95, факс: 8 (72938) 4-42-38
g.bolatova@mangystau.gov.kz

Республика Казакстан, Мангистауская область,
13050, Тупкараганский район,
село Таушык, ул. Х.Елмуханбетова №6
тел.: 8 (72938) 4-43-95, факс: 8 (72938) 4-42-38
g.bolatova@mangystau.gov.kz

________________№ ______

____________________________

**«Ситик-Су экологиясы (Актау)» ЖШС Бас директордың бірінші орынбасары С.М. Ниязовқа**

«Таушық ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі, Сізге, «СИТИК-Водная экология (Ақтау)» ЖШС-нің «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс – шараларының жоспары» жобалары бойынша қоғамдық тыңдау **2026 жылдың 01 қыркүйектегі сағат: 16:30–да** өтетін жиналысты, әкімнің шұғыл түрде аудан орталығына бюжетті нақтылау және талқылау жиналысына кетуіне байланысты кейінге қалдырылғанын және **қоғамдық тыңдау өткізуді** 2026 жылдың 07 қыркүйек сағат: 11:00–де Түпқараған ауданы, Таушық ауылында Х. Елмұханбетов көшесі № 6 әкімшілік ғимаратында өтетіндігін қаперіңізге береді.

**Ауыл әкімі** **Н.Бақтыбаев**

*Болатова Г.А.*
*44-3-95*

Болатова Гүлдана Амангалиқызы 01.09.2026 15:58

Дата: 01.09.2026 15:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

✉ *Akimattaushik@mail.ru*

**Подписано**
01.09.2026 15:58 Бақтыбаев Нұржан Бақтыбайұлы

Болатова Гулдана Аманғаликқызы 01.09.2026 15:58

Дата: 01.09.2026 15:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

| | |
|---|---|
| **Тип документа** | Исходящий документ |
| **Номер и дата документа** | № 01-32-309 от 01.09.2026 г. |
| **Организация/отправитель** | ГУ АППАРАТ АКИМА ТАУШЫКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ТУПКАРАГАНСКОГО РАЙОНА МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ |
| **Получатель (-и)** | ДРУГИЕ |
| **Электронные цифровые подписи документа** | Государственное учреждение "Аппарат акима села Таушык"<br>Подписано: БАҚТЫБАЕВ НҰРЖАН<br>MIIRQAYJ...Els9O7Q==<br>Время подписи: 01.09.2026 15:58 |

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Болатова Гулдана Аманғаликызы 01.09.2026 15:58

Дата: 01.09.2026 15:58. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

# МАҢҒЫСТАУ

Kaspi Bank
арқылы жазылу

№60 (10567) 14 ШІЛДЕ, СЕЙСЕНБІ, 2026 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

## ДЖЕКИ ЧАН – МАҢҒЫСТАУДА

**ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ АКТЕР, РЕЖИССЕР, ПРОДЮСЕР, ЖЕКПЕ-ЖЕК ӨНЕРІНІҢ ШЕБЕРІ ДЖЕКИ ЧАН ӨҢІРГЕ АРНАЙЫ КЕЛДІ. ОЛ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «ДОСПЕХИ БОГА 4: УЛЬТИМАТУМ» КӨРКЕМ ФИЛЬМІНІҢ ТҮСІРІЛІМІНЕ ҚАТЫСУ ҮШІН МАҢҒЫСТАУҒА ТАБАН ТІРЕДІ. МӘРТЕБЕЛІ МЕЙМАНДЫ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҰРДӘУЛЕТ ҚИЛЫБАЙ ҚАРСЫ АЛДЫ. КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА ТАРАПТАР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КИНОЖОБАНЫҢ ӨҢІР ҮШІН МАҢЫЗЫ МЕН ОНЫҢ ТУРИЗМГЕ БЕРЕТІН МҮМКІНДІКТЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ.**



Бұл – Маңғыстау үшін ғана емес, тұтас Қазақстан үшін маңызды оқиға. Себебі әлемдік кино индустриясының назарын аударған жаңа фильмнің негізгі түсірілім орындарының бірі ретінде Маңғыстаудың інжумаржаны саналатын Бозжыра шатқалы таңдалды. Ақ борлы алып жартастар мен қайталанбас табиғи көріністері арқылы әлемді таңғалдырған Бозжыра енді халықаралық кино арқылы миллиондаған көрерменге жол тартпақ.

Облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбай мұндай ауқымды жобалар Маңғыстаудың туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, өңірге инвестиция тартуға және халықаралық деңгейдегі танымалдығын күшейтуге серпін беретінін айтты. Джеки Чан қонақжайлық үшін ризашылығын білдіріп, Маңғыстаудың табиғаты ерекше әсер қалдырғанын жеткізді.

Соңғы жылдары Маңғыстау халықаралық туристер мен кинематографистердің қызығушылығын жиі аударып келеді. Бұған дейін өңірде халықаралық ақпараттық турлар ұйымдастырылып, Netflix платформасына арналған жобалар да түсірілген болатын. Енді әлемдік кино аңызы Джеки Чанның қатысуымен түсірілетін фильм Маңғыстауды жаһандық аудиторияға тағы бір қырынан танытуға мүмкіндік бермек.

«Доспехи Бога 4: Ультиматум» жобасы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен жүзеге асырылуда. Фильмді қазақстандық «Sәlem Entertainment» компаниясы түсіреді.

**«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ**

## ӘЛЕМ ТУРИСТЕРІНІҢ НАЗАРЫНДАҒЫ ӨҢІР

**СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ЖАҢА НҮКТЕСІНЕ АЙНАЛЫП КЕЛЕДІ. БІР КЕЗДЕРІ ТАБИҒАТЫ ЕРЕКШЕ БОЛҒАНЫМЕН, ТУРИСТЕР СИРЕК БАРАТЫН АЙМАҚ САНАЛСА, БҮГІНДЕ ӨҢІРГЕ ӘЛЕМНІҢ ТҮКПІР-ТҮКПІРІНЕН САЯХАТШЫЛАР АҒЫЛЫП ЖАТЫР. МҰНЫҢ БАСТЫ СЕБЕБІ – БІРЕГЕЙ ТАБИҒИ ЛАНДШАФТТАР, ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАЛАР, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БАҒЫТТАРДЫҢ КӨБЕЮІ ЖӘНЕ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР.**



Қазақстан Республикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сәйкес биылғы жылдың алғашқы үш айында ғана Маңғыстау облысына 67 мыңнан астам турист келген. Оның төрт мыңға жуығы – шетелдік қонақтар. Бұл көрсеткіш өңірге деген қызығушылықтың жыл өткен сайын артып келе жатқанын көрсетеді.

Мамандардың айтуынша, бұл – тек маусым басындағы көрсеткіш. Алдағы жазғы демалыс кезеңінде туристер саны бірнеше есе өседі. Биыл Маңғыстауға 500 мыңға жуық турист келеді деген болжам бар, оның ішінде 100 мыңға жуығы шетелдік саяхатшылар болуы мүмкін.

Туристердің көбеюі өңірдегі қызмет көрсету саласының да дамуына серпін беріп отыр. Қазіргі таңда облыста 108 орналастыру орны жұмыс істейді. Қонақ үйлер, демалыс базалары мен басқа да туристік нысандар бір мезгілде 8 793 адамды қабылдай алады.

Соңғы жылдары жаңа қонақүйлердің салынуы, сервистің жақсаруы және жол инфрақұрылымының дамуы туристер үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әуе қатынасының кеңеюі де – туристік ағымды арттырған маңызды факторлардың бірі. Бүгінде Ақтау халықаралық әуежайынан 23 әуе рейсі жүзеге асырылады. Оның 9-ы ішкі, ал 14-і халықаралық бағыттарға қатынайды.

*Жалғасы 2-бетте*

БҮГІНГІ САНДА

### БЕЙЖІҢДЕГІ БІЛІМДІ БОЙЖЕТКЕН



9

### ТӨРТКҮЛ ДҮНИЕ КӨЗ ТІККЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ



10




## СУДАҒЫ САЛҒЫРТТЫҚТЫҢ САЛДАРЫ АУЫР

**АПТАП ЫСТЫҚТА ТЕҢІЗ ЖАҒАЛАУЫ МЕН СУ АЙДЫНДАРЫНА ДЕМАЛУШЫЛАР ТОЛАССЫЗ АҒЫЛАДЫ. ӘСІРЕСЕ КАСПИЙ ЖАҒАЛАУЫНДА ШОМЫЛУ МАУСЫМЫ БАСТАЛЫСЫМЕН ТҰРҒЫНДАР МЕН ТУРИСТЕРДІҢ ҚАРАСЫ АРТТЫ. АЛАЙДА ДЕМАЛЫС МАУСЫМЫМЕН ҚАТАР ҚАЙҒЫЛЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ДА ЖИІЛЕЙТІНІ ӨКІНІШТІ.**

Өңірде суға шомылу маусымы басталғанына небәрі бір ай болса да, осы уақыт ішінде 11 адам суға кетіп, көз жұмды. Қазіргі уақытта төтенше жағдайлар қызметінің мамандары теңізден тағы бір адамды іздестіруде. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда бірнеше есе жоғары. Мәселен, 2025 жылдың дәл осы уақытында суға кеткендер саны екі адам болған. Бұл статистика өңірдегі судағы қауіпсіздік мәселесінің әлі де өзекті екенін көрсетеді.

Жыл сайын қайталанатын қайғылы жағдайлар тұрғындардың қауіпсіздік талаптарын елемеуінен туындайтынын құтқарушылар да жиі айтады. Соңғы бес жылдың көрсеткіштеріне көз жүгіртсек, мәселенің тұрақты сипат алғанын байқауға болады. 2022 жылы Маңғыстау облысында 11 адам суға кетсе, 2023 жылы бұл көрсеткіш 13 адамға жеткен. 2024 жылы 14 адам суға кеткен болса, 2025 жылы 11 адам тіркелген. Ал биыл шомылу маусымы әлі аяқталмай жатып, суға кеткендердің саны тағы 11 адамға жетіп отыр. Оның үстіне, теңізден бір адамды іздеу жұмыстары әлі жалғасуда.

Мамандардың айтуынша, қайғылы оқиғалардың басым бөлігі арнайы жабдықталмаған, шомылуға рұқсат етілмеген орындарда болады. Мұндай жерлерде құтқарушылар кезекшілік атқармайды, қауіпсіздік белгілері мен ескерту тақтайшалары орнатылмаған. Кейбір аймақтарда су түбі күрт тереңдеп кетеді немесе ағыс күштірек болады. Мұндай қауіптерді көпшілік ескере бермейді.

Өкінішке қарай, қайғылы жағдайлар тек рұқсат етілмеген жерлерде ғана емес, ресми жағажайларда да тіркеліп жатады. Бұған көбіне адамдардың өз қауіпсіздігіне салғырт қарауы себеп болады. Кейбірі белгіленген аумақтан асып кетсе, енді бірі мас күйінде суға түседі немесе жүзу қабілетін дұрыс бағаламайды. Балаларды қараусыз қалдыру да – орны толмас өкінішке әкелетін жағдайлардың бірі.

Құтқарушылардың айтуынша, суға кетудің басты себептерінің қатарында қауіпсіздік ережелерін сақтамау, рұқсат етілмеген жерлерде шомылу, алкогольдік ішімдік ішіп суға түсу, балаларды ересектердің қараусыз қалдыруы және ауа райының қолайсыз кезінде теңізге кіру бар. Маңғыстау облысының Төтенше жағдайлар департаменті тұрғындарды тек арнайы жабдықталған жағажайларда ғана демалуға шақырады. Сонымен қатар суға түсер алдында ауа райын ескеріп, дауыл туралы ескертулерге назар аудару қажет екенін еске салады.

Мамандар қарапайым ережелердің өзі адам өмірін сақтап қалатынын айтады. Су айдынында ұзақ жүзбеу, белгіленген аумақтан шықпау, үрлемелі матрастармен ашық теңізге бармау, балаларды бір сәтке де қараусыз қалдырмау – әрбір демалушының есте ұстауы тиіс қағидалар. Каспий теңізі сырт көзге тыныш көрінгенімен, оның астарында адам өміріне қауіп төндіретін қатерлер аз емес. Кенеттен өзгеретін ағыс, тереңдіктің күрт ауысуы, желдің күшеюі кез келген адамның өміріне қауіп төндіруі мүмкін.

Жазғы демалыс қуаныш пен жақсы естеліктерге толы болуы тиіс. Ол қайғылы оқиғамен аяқталмауы үшін әр адам өз қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарауы қажет. Себебі су кешірмейді. Бір сәттік бейқамдық бүтін бір отбасының өмірін өзгертіп жіберуі мүмкін.

**ӨЗ ТІЛШІМІЗ**

# «AI and Action Research»: ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ДАМУЫ

**ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ БҰРЫНҒЫДАН ӨЗГЕШЕ ҚАРҚЫНМЕН ӨЗГЕРІП КЕЛЕДІ. ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ (ARTIFICIAL INTELLIGENCE) ДАМУЫ, БІЛІМ БЕРУДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖАҢА ТАЛАПТАР ПЕДАГОГТІҢ КӘСІБИ РӨЛІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС ҚАЛЫПТАСТЫРУДА. БҮГІНГІ МҰҒАЛІМ –ТЕК БІЛІМ БЕРУШІ ҒАНА ЕМЕС, ОЛ ЗЕРТТЕУШІ, ӨЗГЕРІСТЕРДІ БАСҚАРУШЫ, ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУШЫ ЖӘНЕ ОҚУШЫНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫНА ЖАҒДАЙ ЖАСАЙТЫН КӨШБАСШЫ.**



Қазақстан Республикасында білім сапасын арттыруға бағытталған реформалар да дәл осы міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған. Сондықтан халықаралық тәжірибені зерделеу және оны отандық білім беру жүйесіне бейімдеу – уақыт талабы.

Осы тұрғыдан алғанда, «AI and Action Research» халықаралық жобасының маңызы ерекше. Бұл жоба Маңғыстау облысының ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, педагогтердің зерттеушілі мәдениетін қалыптастыруға және білім беру үдерісінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға бағытталған.

Жоба аясындағы кәсіби дамыту курсы Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің демеушілігімен, ARELTA – «Ақмола облысының ағылшын тілі мұғалімдерінің қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің және «Astana Bilim Academy» ұйымының ұйымдастыруымен өткізілді. Жоба жетекшісі – ARELTA президенті Айнагүл Исмағұлова, ғылыми-әдістемелік жетекшісі – Елена Моисеева. Курсты «Yessenov university» шетел филологиясы ғылымдарының магистрі, аға оқытушы Феруза Дальмуханова жүргізді.

Жобаның мазмұны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің білім беру жүйесін дамытуға бағытталған стратегиялық басымдықтарымен толық үндеседі. Оның негізгі мақсаты ағылшын тілі мұғалімдерін заманауи талаптарға сай инновациялық әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыруға қажетті практикалық құралдармен қамтамасыз ету. Курс барысында қатысушылар іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) әдіснамасын меңгеріп, жасанды интеллект құралдарын сабақ жоспарлау, оқытуды дараландыру және оқу үдерісін жетілдіру бағытында тиімді пайдаланудың заманауи тәсілдерін үйренді. Сонымен қатар оқушылардың функционалдық сауаттылығын, сыни ойлауын және зерттеушілік дағдыларын дамытуға арналған Project-Based Learning (PBL) технологиясын тәжірибеде қолдану жолдары қарастырылды.

Жобаның ең құнды ерекшеліктерінің бірі – оның американдық педагогикалық тәжірибеге негізделуі. Әлемдік білім беру кеңістігінде кеңінен қолданылатын іс-әрекеттегі зерттеу (Action Research) тәсілі мұғалімге өз тәжірибесін ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Бұл әдіс педагогтің күнделікті тәжірибесіндегі нақты мәселені анықтап, өзгерістерді жоспарлап, оны тәжірибеде сынақтан өткізіп, нәтижесін саралап, кейінгі жұмысты жетілдіруге негізделген үздіксіз кәсіби даму циклі болып саналады.

Менің ойымша, қазіргі қазақстандық мектептер үшін дәл осы зерттеушілік мәдениетті қалыптастыру аса маңызды. Өйткені кәсіби дамудың шынайы нәтижесі тек семинарлар мен сертификаттардың санымен өлшенбейді. Нағыз кәсіби даму мұғалімнің өз тәжірибесіне сыни көзқараспен қарап, деректерге сүйене отырып шешім қабылдауынан басталады.

Жоба аясында ерекше назар аударылған тағы бір маңызды бағыт – Generative AI технологияларын білім беру үдерісінде тиімді қолдану болды. Бүгінде жасанды интеллект мұғалімнің күнделікті жұмысын жеңілдететін қуатты құралға айналып келеді. Сабақ жоспарын әзірлеу, сараланған тапсырмалар құрастыру, бағалау критерийлерін дайындау, оқу материалдарын бейімдеу, жедел кері байланыс ұйымдастыру сияқты көптеген жұмыстарды AI көмегімен әлдеқайда тиімді орындауға болады. Дегенмен курс барысында ерекше айтылған маңызды қағида – жасанды интеллект мұғалімді алмастыру үшін емес, оның кәсіби әлеуетін арттыру үшін қолданылуы тиіс.

Сонымен қатар жобада Project-Based Learning (PBL) технологиясының мүмкіндіктері жан-жақты қарастырылды. Жобалық оқыту оқушылардың дайын білімді жаттауына емес, мәселені зерттеп, талдап, ақпаратты саралап, нақты өнім жасауына негізделеді. Бұл тәсіл олардың функционалдық сауаттылығын дамытып қана қоймай, шығармашылық ойлауын, коммуникациялық қабілеттерін және топпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастырады. Сондықтан бүгінгі мектеп үшін жобалық оқыту – жай ғана әдіс емес, білім сапасын арттырудың маңызды тетіктерінің бірі.

Бұл халықаралық жобаға қатысу мен үшін кәсіби дамудың жаңа кезеңіне жол ашты. Әсіресе мектеп директорының бейіндік оқыту және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары ретінде алған тәжірибемді мектептің әдістемелік қызметіне енгізудің маңызын терең түсіндім. Алдағы уақытта мұғалімдердің іс-әрекеттегі зерттеу жүргізу мәдениетін қалыптастыру, жасанды интеллект құралдарын педагогикалық тәжірибеде тиімді пайдалану, кәсіби оқыту қауымдастықтарының жұмысын жандандыру және халықаралық тәжірибені тарату бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыруды көздеп отырмын.

Бүгінгі таңда мектептің табысы оның материалдық-техникалық базасымен ғана емес, педагогтердің кәсіби әлеуетімен өлшенеді. Өзгерістерге бейімделе алатын, үздіксіз білім алатын, ғылыми тұрғыдан ойлайтын және цифрлық технологияларды саналы түрде қолданатын мұғалім ғана заманауи мектептің дамуына нақты үлес қоса алады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы» деген болатын. Бұл сөздің мәні бүгін бұрынғыдан да тереңдей түсті. Өйткені жасанды интеллект дәуірінде білімнің сапасын технология емес, сол технологияны оқушының игілігіне тиімді пайдалана алатын кәсіби мұғалім айқындайды.

Сондықтан «AI and Action Research» сияқты халықаралық жобалар – жекелеген мұғалімдердің ғана емес, жалпы қазақстандық білім беру жүйесінің кәсіби жаңғыруына қызмет ететін маңызды бастамалардың бірі. Осындай жобалар арқылы педагогтердің зерттеушілік мәдениеті қалыптасып, инновациялық тәжірибе кеңінен таралып, еліміздің білім беру жүйесінің халықаралық білім кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігі арта түсетініне сенім мол.

**Мадина ШАЛАНОВА,**
№34 жалпы білім беретін мектептің директорының бейіндік оқыту және ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары, ағылшын тілі пәнінің мұғалімі.

**Dunga Operating GmbH филиалы**
**ҚР ЭК 96-бабының талаптарына сәйкес мына жобалар бойынша ашық жиналыс нысанында**

**Қоғамдық тыңдаулар өткізеді:** DGA-68V, DGA-63V, DGA-57V ұңғымаларын жайластыру. Дуңға кен орны, Маңғыстау облысы», «ОЖП-тен КМЕТ-ге дейінгі экспорттық мұнай құбырын жаңғырту. Дунга кен орны. Маңғыстау облысы». ППМ.

**Қоғамдық тыңдауларды өткізу күні, уақыты және орны:** 2026 жылғы 18 тамыз сағат 11:30-да Маңғыстау облысы, Түпкараған ауданы, Сайын Шапағатов ауылы, Мәдениет үйі ғимараты, 2026 жылғы 18 тамыз сағат 15:30-да Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, «Баянды ауылы әкімінің аппараты» ММ, Мәдениет үйі ғимараты

**Географиялық координаттары:** Ұңғыма координаттары: DGA-68V N 44° 04' 46.4436" E 50° 58' 04.0450" DGA-63V N 44° 05' 26.7465" E 51° 06' 25.8248" DGA-57V N 44° 03' 03.2234" E 51° 09' 06.4994"

**Құрылыс салынып жатқан нысанның (мұнай құбырының) координаттары:** бағыттың басталуы 44° 03' 13.93" N, 51° 03' 20.76" E; бағыттың соңы 44° 03' 22.48" N, 51° 16' 32.09" E.

**Онлайн қосылымға сілтеме:** https://us06web.zoom.us/j/83318897868?pwd=fqyrZPjSaDcD3ytEEWXbCdeDbxkBdD.1

**Конференциялық чатқа сілтеме:** https://us06web.zoom.us/launch/jc/83318897868

**Конференция идентификаторы:** 833 1889 7868

**Кіру коды:** 326591

https://us06web.zoom.us/j/86515749295?pwd=GTgY6rufvXVobA4lidj7zyvjHQubBu.1

**Конференциялық чатқа сілтеме:** https://us06web.zoom.us/launch/jc/86515749295

**Конференция идентификаторы:** 865 1574 9295

**Кіру коды:** 561725

**Бастамашы:** «Dunga Operating GmbH» филиалы, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 12 шағын аудан, 79/1- ғимарат, пошта индексі 130000, БСН: 000941000344, Эколог – Нұрбол Каленов, тел. 8 (702) 996 90 80

**Жобаны әзірлеуші:** «О.С. Герштанский атындағы Мұнай және газ жөніндегі ғылыми-зерттеу мен жобалау институты» АҚ, 8-ш/а, 38 «А» ғимарат, тел: +7 (7292) 600 208 (ішкі нөмір 634), 8-701-512-30-00. E-mail: mendg1@nipi.kz

**Жергілікті атқарушы орган:** «Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: +7 (778) 113-9897

**Ескертулер мен ұсыныстар:** https://ndbecology.gov.kz/ сайтында және s.bazarbay@mangystau.gov.kz электрондық поштасы арқылы қабылданады.

**Жоба бойынша құжаттама https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық жүйесінде және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурсында орналастырылған.**

№327

**ХАБАРЛАНДЫРУ**

**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Қаламқас кен орнындая №3 ЖҚС және №5 БЖҚС реконструкциялау» жұмыс жобасына «қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылау арқылы қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.**

Қоғамдық талқылаулар 2026жылдың 21-27шілде аралығында https://ndbecology.gov.kz/ веб-сайтында өтеді. Онда ескертулер мен ұсыныстар қабылданады. Жобалық құжаттама пакеті https://ndbecology.gov.kz/ сайтында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ ЖАО интернет-ресурсында орналастырылады.

Бастамашы: «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ; ӨБ «Қаламқасмұнайгаз», БСН: 990140000483, Ақтау қ., 6-ш/а, 1-ғимарат, тел.: 87292212226.

**Жобаны әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, Ақтөбе қ., Жамбыл к. 81, 87132908241.**

№328

**«СИТИК-Водная экология (Актау)» ЖШС** келесі жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды: «Нормативті рұқсат етілген шығарындылар» «НРШ» жобасы; «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары».

Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 450070240 с.е. 510250490 ш.б.
Тыңдаулар 2026 жылғы 1 қыркүйек сағат 16:30-де өтеді.
¬Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Таушық ауылы, «Таушық ауылы әкім аппараты» ММ (акт залында)
Платформа ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/84573143329?pwd=IdDaW3hZVhC1akb0EV1lDMbOtAIS27.1
Идентификатор конференции: 845 7314 3329
Код доступа: 9QNxPF
Тұтынушы: «СИТИК-Водная экология (Актау)» ЖШС (БСН:170940027255), +7(701)-506-72-71, marissenov_m@mail.ru
**Жобаны әзірлеуші: «Рекорд Консалт» ЖШС, Ақтау қ. 17 шағын аудан, 20 үй, ғимарат 21, тел: 87014848005. БСН 100740003476**

Құжаттама https://ndbecology.gov.kz порталында және https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/ интернет-ресурста
Материалдарды сұратуға болатын электрондық пошта мекен-жайы және телефон нөмірі: eco_rk@mail.ru, 87014848005
Ескертулер мен ұсыныстар https://ndbecology.gov.kz, және электр. ЖАО мекенжайы s.bazarbay@mangystau.gov.kz сайтында қабылданады.

№329

# ТАРИХҚА ҚЫЗМЕТ, ШӘКІРТКЕ ТАҒЫЛЫМ

**ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНІҢ ШЫНАЙЫ БАҒАСЫ – ШӘКІРТІНІҢ БІЛІМГЕ ҰМТЫЛЫСЫ МЕН ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ ДЕГЕН ТАЛПЫНЫСЫ. ОСЫ ТҰРҒЫДАН АЛҒАНДА, Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ «ТАРИХ ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР» КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ, ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ БОЙЫНША МАГИСТР СИДЕШОВА РОЗА АЗИМЕНҚЫЗЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ӨНЕГЕЛІ ЕҢБЕКТІҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ. ОЛ БОЛАШАҚ ТАРИХШЫЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУМЕН ҚАТАР, ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА, ТУҒАН ӨЛКЕНІҢ ТАРИХЫН ТЕРЕҢ ТАНУЫНА ЖӘНЕ КӘСІБИ ЖАУАПКЕРШІЛІГІН АРТТЫРУҒА ЖҮЙЕЛІ БАҒЫТ-БАҒДАР БЕРІП КЕЛЕДІ.**

Роза Азименқызы күнделікті оқу үрдісін тәжірибелік ізденіспен ұштастырып, студенттерді тарихи деректерді салыстыруға, архив құжаттарын талдауға және ғылыми тұжырым жасауға баулиды. Өңір тарихын оқытуда жергілікті деректерді, музей қорлары мен тарихи ескерткіштерді тиімді пайдаланып, білім алушылардың Маңғыстаудың өткеніне деген қызығушылығын арттырады. Оның ғылыми зерттеулерінің негізгі арнасы да жаңа және қазіргі заман кезеңіндегі Маңғыстау тарихымен байланысты.

Ғалым Ресей Федерациясының мемлекеттік архивтеріндегі, Қазақстан Республикасының Ұлттық архивіндегі және Маңғыстау облысының мемлекеттік архивіндегі құжаттарды зерделеп, өңірдің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты деректерді ғылыми айналымға енгізуге үлес қосты. «XX ғасырдың 20 – 30 жылдарындағы Маңғыстаудың қоғамдық-саяси өмірі», «Маңғыстау тарихы», «Тарихи өлкетану», «Мұражайтану және ескерткіштерді қорғау» сияқты еңбектері студенттердің кәсіби даярлығына қызмет етіп келеді. 2022 жылы Түркияның Нийде қаласында өткен IX Түркі әлемі зерттеулерінің халықаралық симпозиумында қазақ жерінің аумақтық тұтастығына арналған баяндама ұсынып, отандық тарихи зерттеулерді халықаралық ғылыми ортада таныстырды. Баяндама шетелдік ғылыми ортада жоғары бағаланды.

№317

Роза Азименқызының ұйымдастырушылық қабілеті ғылыми-ағартушылық және қоғамдық жобалардан да көрінеді. Оның жетекшілігімен Маңғыстау облыстық телеарнасымен бірлесіп «Руханият» циклі бойынша 12 деректі фильм түсірілді. Бұл жұмыс студенттерге тарихи дерекпен жұмыс істеу, сценарий әзірлеу және ғылыми мазмұнды көпшілікке түсінікті жеткізу тәжірибесін берді. Сонымен қатар ол саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссияға қатысып, «Отызыншы жылдар ойраны» жинағының екінші томын әзірлеуге үлес қосты. Осы еңбегі үшін 2023 жылы Маңғыстау облысы әкімі Н.Ноғаевтың Алғыс грамотасына ие болды.

Ғылыми-педагогикалық және қоғамдық еңбегі Ш.Есенов университеті ректорының, Маңғыстау облысы әкімінің алғыс хаттарымен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Құрмет грамотасымен бағаланды. Сондай-ақ ол университеттің 45 жылдық мерейтойлық төсбелгісінің иегері. Бұл марапаттар ұстаздың білім беру, ғылым және жастар тәрбиесі саласындағы нәтижелі қызметінің айқын көрінісі.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде 6В01601 – «Тарих» білім беру бағдарламасы бойынша студенттердің кәсіби және зерттеушілік даярлығын күшейтуге бағытталған жұмыстар жүргізілуде. Білім алушылар архив, музей және кітапхана қорларымен жұмыс істеп, өңір тарихына арналған ғылыми жобалар мен мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысады. Пәндердің сәйкестігі, жеке оқу жоспарлары, кредиттерді тану және шетелдегі оқу нәтижелерін бақылау жүйесі жолға қойылған. Бұл бағыт болашақ тарихшылардың халықаралық тәжірибе жинақтап, кәсіби көкжиегін кеңейтуіне мүмкіндік береді.

Осы жұмыстардың нәтижелі жүзеге асуына Роза Азименқызының үйлестірушілік қызметі елеулі үлес қосып отыр. Оның бастамашылдығы арқасында Түркия Республикасындағы Niğde Ömer Halisdemir University университетімен байланыс нығайып, «Тарих» білім беру бағдарламасының студенттері сыртқы академиялық ұтқырлыққа тұрақты қатыса бастады. Ол құжаттарды рәсімдеу, оқу жоспарларын сәйкестендіру, пәндерді өзара тану, студенттерге кеңес беру және олардың оқу нәтижелерін бақылау жұмыстарын жүйелі жүргізеді. 2023 – 2024 оқу жылынан басталған бағдарлама аясында 2025 – 2026 оқу жылының көктемгі семестрін қоса есептегенде білім алған және білім алып жатқан студенттердің жалпы саны 30-ға жетті. Ұстаздың табанды еңбегі өңір тарихын зерттеуге, университеттің халықаралық беделін арттыруға және білікті мамандар даярлауға қызмет етіп келеді.

Жалпы, осындай ұстаздардың арқасында ғана білім беру бағдарламалары қағаз жүзіндегі жобадан нақты нәтижеге айналады. Сидешова Роза Азименқызының еңбегі – бір адамның бастамасы қаншалықты үлкен өзгеріске жол аша алатынының, ал ұстаздық жанашырлық шекара танымайтынының айқын үлгісі.

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы,
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің «Тарих және дәстүрлі өнер» кафедрасының аға оқытушысы, магистр

РЕДАКЦИЯ ЖАРНАМА МАТЕРИАЛЫНЫҢ МАЗМҰНЫНА, СТИЛІ МЕН ОРФОГРАФИЯСЫНА ЖАУАП БЕРМЕЙДІ. МАТЕРИАЛ ТҮПНҰСҚА КҮЙІНДЕ ЖАРИЯЛАНАДЫ.

подписка через Kaspi Bank

Газета выходит во вторник и четверг

# ОГНИ Мангистау

Издается с июля 1967 года

ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА ОБЛАСТИ

ВТОРНИК ● 14 июля 2026 года ● № 71 (13340)

# МИССИЯ: ОБЩЕСТВЕННОЕ СОГЛАСИЕ

Жулдыз ЖЕНИСБАЕВА

**Разъяснение конституционных реформ стало главной темой встречи с этнокультурными объединениями в Актау. Мероприятие, инициированное КГУ «Қоғамдық келісім», направлено на разбор нововведений в Основной закон страны. Организаторы подчеркнули, что, несмотря на юридическую модернизацию, этнокультурные объединения по-прежнему несут важную миссию по укреплению единства.**



В мероприятии приняли участие руководитель управления информации и общественного развития Мангистауской области Гульмира Балгожаева, представители этнокультурных объединений региона, сотрудники правоохранительных органов и члены общественных организаций, сообщает центр общественных коммуникаций.

В ходе встречи рассмотрены положения новой Конституции Республики Казахстан, обсужден план работы на второе полугодие текущего года, а также предстоящие задачи.

Выступая перед участниками, Гульмира Балгожаева подчеркнула значение проводимых в стране конституционных реформ для укрепления общественного согласия и общенационального единства.

– Нормы новой Конституции вступили в силу 1 июля. В рамках конституционной реформы сформированы новые институты, деятельность которых направлена на обеспечение общественного согласия и общенационального единства. В частности, в разделе VI Основного закона определен статус Қазақстан Халық Кеңесі (Народного совета Казахстана). Согласно статье 70 Конституции, Қазақстан Халық Кеңесі является высшим консультативным органом, представляющим интересы народа. В связи с конституционными изменениями утратил силу Закон «Об Ассамблее народа Казахстана», который регулировал деятельность этнокультурных объединений. Однако это не означает прекращения их работы. Напротив, они продолжат свою деятельность по укреплению общественного согласия и единства страны на новой правовой основе, – проинформировала Гульмира Балгожаева.

Председатель областного Совета аксакалов Онайбек Абдилов отметил особую роль этнокультурных объединений в обеспечении общественного согласия.

– Такие общественные организации играют важную роль в укреплении единства народа, межэтнического согласия и общественной стабильности. Продолжат свою деятельность и такие институты, как Совет матерей, Совет молодежи и Совет аксакалов. При этом работа этнокультурных объединений будет совершенствоваться в соответствии с требованиями новой Конституции, а их статус получит четкое правовое закрепление. Единство и общественное согласие остаются главным условием развития нашей страны, – констатировал Онайбек Абдилов.

В ходе встречи выступили оперуполномоченный управления по противодействию экстремизму департамента полиции Мангистауской области Ровшан Алиев, руководитель КГУ «Қоғамдық келісім» Аманкул Джайлханова и председатель республиканского общественного объединения «Ассамблея жастары» Абзал Марат. Спикеры рассказали о значении новых законодательных изменений и основных направлениях предстоящей деятельности этнокультурных объединений.

В завершение встречи делегатам переданы печатные издания нового Основного закона Республики Казахстан. Поэтессе и журналисту Айнахан Есетовой, принявшей участие в мероприятии, за многолетний добросовестный труд и вклад в развитие информационной сферы вручена Почетная грамота от заместителя Премьер-министра Республики Казахстан – министра культуры и информации Аиды Балаевой.

# ВРЕМЯ БОРОТЬСЯ ЗА ГРАНТ

**Основное ЕНТ-2026 сдали около 233 тыс. абитуриентов. Из них около 73,1% прошли тестирование на казахском языке, 26,8% – на русском, 383 человека – на английском языке. Абитуриентам предоставлена возможность сдать основное ЕНТ два раза и принять участие в конкурсе для присуждения грантов с лучшим результатом. Таким образом, 233 тыс. абитуриентов сдали ЕНТ 422 тыс. раз (в 2025 году 210 тыс. абитуриентов сдали ЕНТ 381 тыс. раз), сообщает ortcom.kz со ссылкой на Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан.**



По итогам тестирования пороговый балл набрали около 177 тыс. абитуриентов, что составляет 76% от общего количества участников. Средний балл ЕНТ по пяти предметам составил 69 баллов. Наивысший результат 140 баллов набрали Әсет Альтаир из Павлодарской и Балхан Альфия (с помощью конвертации КАЗТЕСТ) из Кызылординской области. Свыше 130 баллов набрали 821 человек.

Особое внимание уделено созданию комфортных условий для поступающих с особыми образовательными потребностями. В ЕНТ приняли участие 800 абитуриентов данной категории.

В электронном формате ЕНТ предусмотрена удобная подача заявления на апелляцию. В случае несогласия с итогами тестирования абитуриент сразу подает электронное заявление на апелляцию. В этом году было подано более 95 тыс. заявлений на апелляцию, из них были удовлетворены заявления на 152 уникальных тестовых задания. Республиканская комиссия завершила работу, сертификаты абитуриентов доступны в личном кабинете.

За период проведения ЕНТ было выявлено 890 нарушений. Из них возможности сдать тестирование из-за попытки проноса смартфонов, шпаргалок и других запрещенных предметов лишились 522 человека. За нарушение правил во время самого тестирования из аудиторий удален 361 абитуриент, их результаты также аннулированы. У некоторых абитуриентов были изъяты смартчасы, микронаушники, смартфоны и другие запрещенные предметы. После проверки видеозаписей аннулированы результаты семи человек, которые нарушили правила тестирования. Подставные лица не выявлены.

После завершения ЕНТ-2026 будет проводиться анализ видеозаписей до 31 октября календарного года. В случае обнаружения фактов использования запрещенных предметов или нарушения правил результаты ЕНТ будут аннулированы.

С 13 по 20 июля 2026 года осуществляется прием заявлений от абитуриентов для участия в конкурсе на присуждение образовательных грантов. Подать документы можно как через центры приема при университетах офлайн (онлайн через виртуальные приемные комиссии), так и онлайн через портал egov.kz, сообщает Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан.

